

күндердің бәріне төтеп беретін жортуыл заманның тозбас киіміне айналған... Мұндайды уақыт тынысын сезіну деп атайды.

Ұзақбай Доспанбетов - кең өрісті, панорамалы, зерттелуі қапысыз, жаңалығы мол шығарма тудырып, мына төрт кітабымен қазақтың тарихи романы қорына елеулі үлес қосқан.

Пайланылған әдебиеттер тізімі:

1. Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы. Тарихи роман. Бірінші кітап. Алматы: Мерей, 2004. – 363 б.
2. Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы. Екінші кітап. - Алматы: Самара-Принт. 2008.

АЛАШТЫҢ ТҰҢҒЫШ ГАЗЕТТЕРІНІҢ БІРІ «ЖАС АЗАМАТ» ГАЗЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Жумагелдин Ж.Ш.

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, филология магистрі,
аға оқытушы*

*Алиымбекова Н.М.
№66 мектеп-лицейі*

Ұлттың ұлт болып қалыптасуының басты шарты – туған халқының тарихын жете меңгеру. Кейінгі толқын ұлттың тарихын танып, анасының ақ сүтімен бойына дарыған тілі мен сөз, өнерін меңгермесе, халқының азаттығы мен егемендігі жолында жанын құрбан еткен тұлғаларды білмесе оның келешекке нық қадам баса алмайтындығы бесенеден белгілі. Кейінгі толқын тарихтан тағылым алмайынша, жарқын болашаққа бет алуы екі талай. Егемендігімізді алып, өз алдымызға дербес мемлекет болып қалыптасқанға дейінгі уақытта қазақ халқы өз ұлтының тарихын танып, біле алмай, тарих беттеріне үнілуге де тыйым салынған еді. Ұлтсыздандыруды басты ұран етіп қалған кеңестік жүйе бір кездері халық жады мен санасынан «Алаш» деген ұғымды да жойғысы келді. «Ұранға Алаш деген сөзді алып», «қараңғы қазақ

көгіне өрмелеп шығып күн болған» ұлт зиялыларын қырып жойды. Кеңес өкіметі тарапынан қаншалықты қысым жасалынып, қыспаққа алғанымен, ұлт тұлғалары жұдырықтай жұмылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отыра, ұлт азаттығын мұрат етіп «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметін құрды. Ғұмыры екі жыл үш айға созылса да, халықтың ұлттық санасын Алаш автономиясы қазақ халқының дербес мемлекет ретінде қалыптасуына мәңгілік тарихи негіз болды. Алаш идеясының дамуына бірден-бір септігін тигізген ол сол кезеңде жарық көрген газет, журналдар, жалпы баспасөз болды.

Сондай газеттердің бірегейі, қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған алашшыл қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті [1,12]. 1918 жылдың сәуір-мамыр айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының тұңғыш съезінің шешіміне орай, бүкілқазақтың жастар ұйымының тілі ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30-шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген.

Газет басқармасының құрамында Қошқе Кемеңгерұлы, Ғазиз Мырзақұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Мұратбек Сейітұлы, Гуля Досымбекова (Міржақып Дулатовтың балдызы. – А.Т.), Әбдірахман Байділдіұлы болды.

Тұңғыш жастар газетінің алғашқы саны «Жас тілек» деген бас мақаламен ашылған. Онда дәл сол кезеңде Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай сараланған. Тәуелсіздіктің болымсыз ұшқыны көрінгендей болып, газет ел бостандығы үшін ұйымдасуға шақырады. Мұндай ұлы үміт үшін күрестің алдыңғы шебінен тек жастарды көргісі келеді. Газеттің осы бас мақаласындағы мына сөздердің маңызы әлі де жойылған жоқ:

«Өмір тәжірибесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси һауанның күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болуы-болмауы, әлдінің майданға қосылуы, ұлттың өмірлі құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың қан соруы «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың бас міндеті,

үлкен борышы. «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» [1, 23].

Атап өтерлік бір жай «Жас азаматтың» беташарындағы осынау сөздердің сарыны содан 11 жыл бұрынғы «Серкенің» [2] (1907 жылы С-Петербург қаласында бір саны шығып тоқтап қалған «Серке» газеті туралы сөз болып отыр) алғашқы санына Міржақып Дулатов жазған «Біздің мақсатымыз» деген бас мақалаға өте ұқсас.

Қазақ жастарының алғашқы газеті, Алашшыл жастардың үні бұл газеттің шығуына себеп болған 1918 жылғы сәуір-мамырдағы бірінші съезд екенін, ол жөнінде Мұхтар Әуезовтің «Тұңғыш қазақ жастарының съезі», «Қазақ жастарына» деген мақалалары болғанын да атап көрсетеміз.

Газеттің бірінші санында «Бүлінгеннен бүлдіргі алма!» деген саяси шолу басылды. Онда: «Большевиктер орыс зиялылары мен жұмыскер-қарашекпендердің арасына жік түсірді, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін», деп ашық айтып, аз қазақты бірлікке шақырды. Мақала авторы, қазақтың көрнекті көсемсөз шебері, Алаш жастарының жетекшісі Қошмұхамбет Кемеңгеров болатын.

Кезінде Сәкен Сейфуллин: «Жалғыз-ақ, аз болсын, көп болсын қолынан келгенше қайрат (қазірше белсенділік) көрсетіп жатқан Алашорданың жастары екені газеттерінен көрінеді. Алашорданың жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтшыл жастарына нұсқа беріп, Қызылжарда «Жас азамат» газетін шығарып жатыр» [3,43] деп жазды.

«Жас азамат» туралы Жүсіпбек Аймауытов Семейдегі «Сарыарқа» газетінің 1919 жылғы 20-ақпандағы санына «Газет, журнал оқушыларға» деген мақала бастырып, орыс тіліндегі бір газеттің қазақ баспасөзін ғайбаттап, «оқушылары болмағандықтан қазақтың бір газеті мен журналы жабылып қалыпты» деген жалалы хабарына қарсы сөйлеп, түсінік берген: «Бұл хабар бекер, - депті Ж. Аймауытов, - «Жас азамат» күні бүгінге дейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбің болып еді. Енді тоқталмас дейміз. Өйткені, Омбы жастары әдебиет кешінен мың сом, Семей жастары бес мың сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтерушілер табылатын көрінеді» [2,6].

«Жас азаматтың» бірінші санында Қ.Кемеңгерұлы «Жас тілек» деген мақалада жаңа газеттің бағыт-бағдары көрсетіліп, келешекте бет-бейнесі қандай болатынын айтып, оқырмандардан газет жұмысына белсене қатысып тұруды сұралған.

«Жас азаматтың» 1918 жылғы 4-қазандағы санында жарияланған Смағұл Садуақасұлының «Өмір үшін күресу» деген мақаласында: «Не іске болса да әдіс керек. Және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмақшы. Мысалы, тұрмыс жүзінде ең әдісшіл Германиядағы немісті һәм ең әдіссіз біздің қазақты алайық, екеуі де өмір үшін күреседі, бірақ неміс әдіспен күреседі һәм заманға қарай өзгеріп отырады», дей келіп, уақыт талабына сай тіршіліктің амал-әрекеті де бейімделіп отыруға тиіс екендігін жақтайды.

«Қазақ жері» деген мақалада: «Қазақ жерін Ресей - сүлік сорды. Большевик көп нәрсе істеген жоқ, бірақ қазақты түгел кедейлендіріп, орысты жібермекке бел буды» [1,57],- деп тарихи шындықты ашып көрсетті. Қ.Кемеңгерұлының «Қазақ жеріне қолқа салушылар» деген мақалада көшпелі қазақ шаруашылығы сөз болады. Сондай-ақ «Жас азамат» қазақ жерінің қазба байлықтарын шет жұрттық алпауыттардың талап-тонауына қарсылық білдірді. «Шет мемлекеттердің капиталы кен қазу, фабрик-зауыт салуға (бұлар да қазақ жеріне орнайды) кірсе» қазақ бұл қазынадан тағы да айырылады.

Жастар газеті осындай нақты дәлелдерін көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай келтіреді де, мынадай түйін жасайды:

«Мінекей, алаш! Автономия болмаған күнде шетіңе беретін қолқаң. Жер – мәңгі байлық, алдындағы малыңнан, қойыңдағы ақшаңнан қымбат. Өнер-білім кенжелігі болса да автономияға аласұрып жатқандық – жер үшін» [2,11].

Бұл арада әңгіме «Ұясы бұзылған Ресей мемлекетіне» енді табынудың жөні жоқ, қазақ халқы тәуелсіздік үшін, өз болашағының тізгінін өз қолына алу үшін күресуі туралы, халық өзінің саяси көсемі Алаш төңірегіне топтасуы арқылы ғана тәуелсіздік күресіне қосылады деген пікірді ортаға салды.

Осы ретте баспасөз тарихын зерттеушілер үшін Ахмет Байтұрсыновтың мына сөздері бағыт-бағдар болуға тиіс. «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық-зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын

жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес», - деген еді ол. «Олай болмаған болса, - дейді А.Байтұрсынов алдыңғы ойын жалғастырып, - онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады» [4,86]. Осынау ащы айтылған шындықтың алдында бас имеуге бола ма?

«Жас азаматтың» соңғы саны 1919 жылғы 3-ақпанда шықты да, тоқтады. Алаш жастарының тұңғыш газеті ұлттық болашағы үшін ақырғы санына дейін адал қызмет етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қамзабекұлы Д. Алашқа тыныс болған «Жас азамат» // Ана тілі, 1993. -№ 14, 8-сәуір
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. -А.,1964, -Б.70.
3. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. -А.,1960, -Б.368.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. -Алматы,1989.-Б.140.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫ

Жумагелдин Ж. Ш.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология магистрі.

Жанмолдина Ж. Д.

Бірінші Теміртау классикалық лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Мұз-аға атанып кеткен, қазақ жыры мен қазақ көркем сөзінің хас шеберлерінің бірі – Мұзафар Әлімбаев есімі әр буын оқырманның санасына өзінің ойшыл, сыршыл мінезді жырларымен сіңісіп, данаға да, балаға да бірдей өтімді көркем сөзді жарата білуімен дараланып келді. Ақынның өмірге келген жылы мен кеткен жылы болмайды, оның өнегесі артында қанша жасаса, өмірі де сонша жасайды. Өнері мен өмірі ұзақ жасайтын Азамат ақын – М.Әлімбаев. Ол балауса кезінен-ақ өлеңді тек қана